

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

2. Хмыз А. В. Возможности STEM-подхода в обучении школьников естественным дисциплинам. – Минск, 2021. – С. 179–183.
3. Ботамқұлова, А.Б. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. - Тараз, 2015. - 90 б.
4. С.М.Бахишева. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 336 б.
5. [https://www.akorda.kz/upload/content\\_files/doc/Gos\\_programi/2011\\_2020\\_bilim\\_bagdarlamasy.doc](https://www.akorda.kz/upload/content_files/doc/Gos_programi/2011_2020_bilim_bagdarlamasy.doc)

**ӘОЖ 372.891**

## **ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІН ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Сексенбай Әли Асқарұлы**  
*aliseksenbay@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Физикалық және экономикалық география кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Саипов А.А.

Қазіргі білім беру, әсіресе география саласында оқыту әдістері мен тәсілдерін үнемі жаңартып отыруды талап етеді. Оқушылар арасында ғылыми-жобалық іс-әрекетін дамыту олардың ғылыми және шығармашылық дағдыларын қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады. Бұл тақырыптың өзектілігі білім беру бағдарламаларын қазіргі заманғы қиындықтар мен еңбек нарығының талаптарына бейімдеу қажеттілігінде көрінеді. Оқушылардың ғылыми-жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі материалды тереңірек игеруге ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар сыни ойлауды, зерттеу дағдыларын, сондай-ақ алған білімдерін практикада қолдану қабілетін дамытады.

Бұл мақаланың мақсаты география пәні бойынша оқушылардың ғылыми-жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесін дайындаудың маңыздылығын анықтау мақсатында сауалнама нәтижесінде мұғалімдерден алынған жауаптарды талдау болып табылады. Бұл мәселені зерделеу мұғалімдер мен оқушылардың негізгі қажеттіліктері мен қалауларын анықтауға, сондай-ақ географиялық білім беру контекстінде ғылыми-жобалық жұмысты ұйымдастыру әдістемелерін даярлау кезінде ескеру қажет негізгі аспектілерді анықтауға мүмкіндік береді.

Ғылыми жоба - белгілі бір мақсаты, міндеттері және іс-қимыл жоспары бар ғылыми Әдістемеге негізделген жүйелі зерттеу. Ғылыми жобалар көбінесе ғылыми зерттеулер, оқу бағдарламалары аясында, сондай-ақ тәуелсіз зерттеулер ретінде жүзеге асырылады.

Табысты ғылыми-жоба жасаудың құпиясы - бұл процесті ұйымдастырудың тиімді әдістемесін жасау болып табылады. Г.В.Санькова, С.Ю.Ситникованың «Проектная деятельность как средство формирования профессиональных компетенций студента» атты жұмысында оқушылар мен студенттердің өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастырудағы жобалау әдістемесінің рөлі талқыланады. Авторлар жобалау әдістемесі оқушыларға ақпаратпен белсенді қарым-қатынас жасауға, алған білімдерін тәжірибеде қолдануға және коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретінін атап өтеді [1].

Сонымен қатар, Н.В.Горбунованың «Проектная деятельность и проектные методы в образовании» атты зерттеуінде оқушылардың сыни ойлауын қалыптастырудағы ғылыми-жобалық қызметтің рөлін анықтайды. Автордың айтуынша, жобалық іс-әрекет оқушыларды ақпаратты талдауға, негізгі аспектілерді бөліп көрсетуге және өз тұжырымдарын қорытындылауға мүмкіндік береді, бұл олардың сыни ойлау қабілеті мен аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді [2].

С.Т.Шацкий білім берудегі жобалардың негізгі құрамдас бөліктерін атап көрсеткен. Оның еңбектерінде оқушының білімін және тәжірибесін анықтау қажеттілігі атап өтіледі, оны мұғалім білуі және талдауы керек. Бұл әр оқушының жеке ерекшеліктері мен білімін түсінуді қамтиды. Келесі қадам мұғалім өңдеуге міндетті оқушының бар білімі негізінде сабақтарды ұйымдастыру. Яғни, мұғалімнің ғылыми жобаны ұйымдастыруда алатын орны жоғары екендігін атап өтілген [3].

Осылайша, әдебиеттерге шолу білім берудегі ғылыми-жобалық қызметтің маңыздылығын кеңінен тануды және оның оқушылардың ғылыми зерттеу құзіреттіліктерінің дамуына оң әсері бар екендігі көрсетілді.

Аталған басымдылықтарды жүзеге асыру үшін, біз эксперименттік зерттеу жұмысымыздың анықтаушы кезеңінің мақсатына сәйкес, география пәнінің мұғалімдері мен оқушылары арасында сауалнама әдісін пайдаландық. Мұғалімдерге арналған сауалнамада олардың сыныптағы ғылыми жобалық жұмысты ұйымдастыруға деген қажеттілік көзқарастары, қолданылатын әдістер, сондай-ақ осы әдістердің тиімділігін бағалау түрлері туралы сұрақтар болды. Оқушыларға арналған сауалнамада олардың ғылыми-жобалық жұмысты қабылдауы, оқыту әдістеріндегі қалауы және осындай қызмет түрінен қандайда бір оң нәтиже күтуі туралы сұрақтар қамтылды.

Зерттеу жұмыстары:

Сауалнама Астана қаласының 20 география пәнінің мұғалімінен алынды. Сауалнамалар мұғалімдер арасында электронды форматта алынды. Сауалнамаға қатысу анонимді және ерікті болды. Сауалнама деректері статистикалық әдістерді, соның ішінде жауаптардың жиілігін талдауды және мұғалімдер арасындағы салыстырмалы талдауды пайдалана отырып талданды. Сауалнаманың үлгісі төмендегідей мазмұнда таратылды:

*Құрметті әріптестер! Сіздерге ұсынылған сауалнама мақсаты география пәні бойынша оқушылардың ғылыми жобалық іс-әрекеттің ұйымдастыру мәселелерінің өзектілігін анықтау*


Кесте 1 Мұғалімдерге арналған сауалнама сұрақтары

№	Сұрақтар	Жауап
1	Сіз география пәні аясында ғылыми жоба жұмыстарын ұйымдастырып немесе басқарып көрдіңіз бе?	Иә Жоқ
2	Сіз ғылыми жобалық қызметті ұйымдастыру және дайындау жолдарымен таныссыз ба?	Иә Жоқ
3	Сіздің оқушыларыңыз ғылыми-жобалармен айналысуға қызығушылық танытады ма?	Иә Жоқ
4	Ғылыми-жобалық іс-әрекет оқушылардың география туралы түсінігін жақсартып алады деп ойлайсыз ба?	Иә Жоқ
5	Ғылыми-жобалық жұмыс оқушылардың болашақ өмірлеріне пайдалы болады деп санайсыз ба?	Иә Жоқ
6	Оқушылармен жоба тақырыбын таңдауда ақылдасу маңызды деп ойлайсыз ба?	Иә Жоқ
7	География пәнін оқытуда ғылыми-жобаларды ұйымдастыру өзекті деп санайсыз ба?	Иә Жоқ
8	Сіз география немесе басқа пән аясында ғылыми жобаларды ұйымдастыру бойынша қандай да бір дайындықтан өттіңіз бе?	Иә Жоқ
9	Сіз географияға қатысты пәнаралық жобаларды ұйымдастыру үшін басқа мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасауды қарастырдыңыз ба?	Иә Жоқ
10	Ғылыми-жобаларды ұйымдастыру барысында қандайда бір қиындықтарға тап болдыңыз ба?	Иә Жоқ
11	Сіз географияға қатысты зерттеулер мен жобалардың тиімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды немесе құралдарды үйренгіңіз келер ма еді?	Иә Жоқ

12	Сіз әріптестеріңізбен ғылыми-жобаларды ұйымдастырудағы қиындықтар мен артықшылықтар талқыладыңыз ба?	Иә Жоқ
13	Ғылыми жобаларды ұйымдастыруда көмекші нұсқау құралдары қажет деп ойлайсыз ба?	Иә Жоқ
14	Қазіргі уақытта географияда жобалық жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік құралдар жазу өзекті деп ойлайсыз ба?	Иә Жоқ
15	Ғылыми-жобалық жұмысты ұйымдастыру география пәнінің дамуына үлес қосады деп ойлайсыз ба?	Иә Жоқ

Жүргізілген сауалнамаға берілген жауап нәтижелері мынадай болды:

1. «Сіз география пәні аясында ғылыми-жоба жұмыстарын ұйымдастырып немесе басқарып көрдіңіз бе?» деген жалпылама мазмұнда берілді. Сауалға берілген жауаптар былай жіктелді: Ия - немесе 60%; Жоқ – немесе 40%; Бұл диаграмма бойынша сауалнама жүргізілген мұғалімдердің басым көпшілігі ғылыми жоба бойынша жұмыс жасап көргендігін байқауға болады. (Сурет 1)



Сурет 1 Жүргізілген сауалнамаға берілген жауап нәтижелерінің диаграммасы

2. Ұйымдастыру әдістерімен танысу: мұғалімдердің көпшілігі (70%) ғылыми-жобалық қызметті ұйымдастыру және дайындау әдістерімен таныс екенін айтты, ал мұғалімдердің 30% - мұндай тәжірибе болмаған екен.

3. Оқушылардың ғылыми жобаларға деген қызығушылығы: мұғалімдердің 75%-ы оқушыларының ғылыми-жобалық жұмыстарға қызығушылық танытатынын айтты, ал мұғалімдердің 25% - ы басқаша пікірде.

4. Географияны түсінуге оң әсер етеді: мұғалімдердің 100%-ы ғылыми-жобалық іс-шаралар студенттердің география туралы түсінігін жақсартып алады деп санайды.

5. Оқушылардың болашақ өміріне пайдалы: мұғалімдердің 100%-ы ғылыми жоба оқушылардың болашақ өміріне пайдалы болады деп санайды.

6. Оқушылармен кеңесу қажеттілігі: мұғалімдердің көпшілігі (90%) жоба тақырыбын таңдағанда оқушылармен кеңесу маңызды деп санайды.

7. Жобаларды ұйымдастырудың өзектілігі: барлық дерлік мұғалімдер (95%) География пәнін оқытуда ғылыми-зерттеу жобаларын ұйымдастыруды өзекті деп санайды.

8. Жобаларды ұйымдастыру бойынша дайындықтан өту: мұғалімдердің жартысы (50%) ғылыми жобаларды ұйымдастыру бойынша дайындықтан өтті, ал қалған 50% - ы мұны істемеді.

9. Әріптестермен ынтымақтастық: мұғалімдердің 55% - ы географиямен байланысты пәнаралық жобаларды ұйымдастыру үшін басқа мұғалімдермен бірлесіп жұмыс жасауды қарастырды.

10. «Ғылыми-жобаларды ұйымдастыру барысында қандайда бір қиындықтарға тап болдыңыз ба?» деген сауалға тапсырған 20 мұғалімнің барлығы 100% - Ия деп жауап берген екен. Бұдан біз мұғалімдерде ғылыми жобаларды ұйымдастыру бойынша қиындықтар барын байқаймыз.


11. Жаңа технологияларды үйренуге деген ұмтылыс: барлық мұғалімдер (100%) географияға қатысты зерттеулер мен жобалардың тиімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды немесе құралдарды үйренуге ниет білдірді.

12. Әріптестермен талқылау: мұғалімдердің 65%-ы әріптестерімен ғылыми жобаларды ұйымдастырудағы қиындықтар мен артықшылықтарды талқылайды екен.

13. Көмекші құралдардың қажеттілігі: барлық дерлік мұғалімдер (95%) ғылыми жобаларды ұйымдастыруда көмекші оқыту құралдары қажет деп санайды.

14. Әдістемелік құралдардың өзектілігі: мұғалімдердің 95% - ы қазіргі уақытта географияда жобалық жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік құралдарды жазуды өзекті деп санайды. (Диаграмма 2)

20 ответов



Сурет 2 Әдістемелік құралдардың өзектілігінің диаграммасы

15. Пәннің дамуына оң әсер етеді: барлық мұғалімдер (100%) ғылыми-жобалық жұмысты ұйымдастыру география пәнінің дамуына ықпал етеді деп санайды.

Сауалнаманы талдау нәтижелерінен мұғалімдердің едәуір бөлігі ғылыми-жобалық іс-әрекетті ұйымдастыруда тәжірибесі бар және оны жүргізу әдістерімен таныс екендігі көрінеді. Бірақ ғылыми-жобалық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру үшін қосымша нұсқаулық құралдар даярлау қажеттігін қалайды. Оқушылар ғылыми жобаларға қызығушылық танытады, ал мұғалімдер олардың география пәнін түсінуге және оқушылардың болашақ өміріне оң әсер ететініне сенімді.

Қорытындылай келе, біздің зерттеуіміз география пәні бойынша білім берудегі ғылыми-жобалық қызметтің маңыздылығын растады. Нәтижелер көрсеткендей, мұғалімдер ғылыми жобаларды тиімді ұйымдастыру үшін әдістемелік құралдардың құрастырылғандығына қызығушылықтары бар екендігін байқаты. Сонымен қатар, оқушылар ғылыми жобаларға белсенді қызығушылық танытады, бұл оқытудың осы түрінің олардың білім беру белсенділігін ынталандырудағы тиімділігін көрсетеді.

Алайда, ғылыми-жобалық қызметті табысты іске асыру жолында мұғалімдерді қосымша даярлау қажеттілігі, әдістемелік құралдарға қолжетімділікті кеңейту және осы тақырыпта педагогтар арасында тәжірибе алмасу семинарларының жоқтығы сияқты белгілі бір қиындықтар тұр. Осы салалардағы ресурстарды әрі қарай зерттеу және дамыту оқу тәжірибесін жетілдіруге және география пәні бойынша білім сапасын арттыруға көмектеседі.

Осылайша, алынған нәтижелерге сүйене отырып, ғылыми-жобалық іс-әрекеттер география пәні бойынша білім беруде маңызды рөл атқарады. Оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамытуға және олардың білім алуға деген мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Г.В.Санькова, С.Ю.Ситникова. Проектная деятельность как средство формирования профессиональных компетенций студента. Хабаровск. 2016. 23 с.

2. Горбунова Н.В. Проектная деятельность и проектные методы в образовании // Проблемы современного педагогического образования. 2019. № 63-2. С. 112-116
3. Шацкий С.Т. Избранные педагогические сочинения в 2-х томах — Москва: Педагогика, 1980. — Т.1. — 304 с.

**ӘОЖ 372**

## **ГЕОГРАФИЯЛЫҚ САБАҚТАРДА ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Сералы Асылзат Даниярұлы**  
*mobilplus81817@gmail.com*

География педагогтерің даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,  
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші: М.Н. Мусабоева

Географиялық ақпараттық жүйе (ГАЖ), кеңістік базасының құрастырушысы және әр келкі мәліметтер мен ақпараттарды біріктірудің негізі ретінде аумақтық басқармалардағы шешімдерді қабылдаудың басты элементі болып саналады. Әлемдік тәжірибе табиғи ресурстарды, инфрақұрылымдарды, қоршаған ортаның ахуалын, жалпы аумақты тиімді басқару ГАЖ-дың ықпалына қатысты екенін көрсетіп отыр. ГАЖ өз бағытын дамыта отырып, ақпараттық технологиялармен шешілетін көптұрғыдағы мәселелерді шешуде қолданылууда.

Қазіргі ГАЖ заманауи ақпараттық технологиялардың алдыңғы қатарлы құрылғыларына жатады. Бір жағынан автоматтандырылған әдістерді қосады, ал екінші жағынан мәліметтерді өңдеу және ұйымдастырумен ерекшелінеді. Гаж-ды кез келген салада еркін пайдалануға болатындай жағдай жасау үшін, ең алдымен оның функционалдық мүмкіндіктерін, ерекшелігін, қандай бағытта жұмыс істей алатынын жақсылап біліп алған жөн және осы бағытта бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындарында, мектептерде ГАЖ – ға байланысты пәндерді, ГАЖ-ды ашық насихаттайтын семинарлар, ашық сабақтар жиі өткізілуі қажет деп есептеймін [1].

Соңғы уақытта компьютерлік техника мен технологияның белсенді дамуына байланысты қоғам өміріндегі ақпараттық үрдістердің атқаратын рөлі туралы түсініктер өзгеріп, білім беруде қолданылатын есептеу техникасының мүмкіндіктері анықталды. Білім беру жүйесінде компьютерлік техниканы қолдану саласы үнемі кеңейтіліп келеді: өйткені компьютер мен ақпараттық технологияны қолданудан пәндік нысанды зерттеуде информатика пәндері оқу үрдісін кең көлемде интенсификациялау құралы болып табылып, жалпы білім беру пәнінің оқу үрдісін қалыптастырады. Бұл өзгерістер оқу міндеттеріне деген көзқарастардың оқу саласындағы өзгерістерге әсерін тигізе алмады, өйткені білім жетістіктеріне жетуде қолданылатын жаңа технологиялық мүмкіндіктер ашылады [1].

Техникалық құралдарды қолдана отырып, оқу материалын беру бұрыннан қолданыста болған. Ақпараттық байланыс технологиясын қолдану қазіргі география пәнінің ғылыми және оқу пәндері арасында димуына жол ашатын қажетті компонент болып табылады. осыған байланысты жоғарғы оқу орындарындағы пән аралық білім беру мысалы ретінде компьютерлік технология географиялық ғылымдарды оқу үрдісінің негізгі құралы болып отыр. Цифрлық технологиялар пәнінің білім беру мазмұнын игерудегі оқушылардың белсенді, дараланған, танымдық іс-әрекетін интерактивті режимде басқаратын электронды оқыту құралы ретінде түсінілді [2].

Бұл мақалада география сабақтарында ГАЖ қолданудың негізгі мүмкіндіктерін қарастырамыз:

1. Кеңістіктік ақпараттың көрнекілігі: ГАЖ оқушыларға географиялық деректерді карталарда визуализациялауға мүмкіндік береді, бұл оқу процесін интерактивті және көрнекі